

Құпияландыруға жататын мәліметтердің ведомстволық (салалық) тізбелерін әзірлеудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 наурыздағы N 389 қаулысы.

"Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Құпияландыруға жататын мәліметтердің ведомстволық (салалық) тізбелерін әзірлеудің тәртібі туралы ереже бекітілсін.

2. Басшыларына мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу жөнінде өкілеттіктер берілген мемлекеттік органдар 2000 жылдың 1 маусымына дейін құпияландыруға жататын мәліметтердің ведомстволық (салалық) тізбелерін әзірлесін және заңдарда белгіленген тәртіппен бекітсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 14 наурыздағы
N 389 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Құпияландыруға жататын мәліметтердің ведомстволық (салалық) тізбелерін әзірлеу тәртібі

Осы Тәртіп "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және басшыларына мәліметтерді Қазақстан Республикасының құпияларына жатқызу жөнінде өкілеттік берілген мемлекеттік органдар үшін олардың құпияландыруға жататын ведомстволық (салалық) мәліметтердің тізбесін (бұдан әрі - Тізбе) әзірлеуі кезінде міндетті болып табылады.

1. Жалпы ережелер

1. Тізбе ведомстволық, салалық немесе бағдарламалық-мақсаттық тиесілігі ескеріле отырып, нақты мәліметтердің (мәліметтер тобының) құпиялық дәрежесін анықтау үшін "Мемлекеттік құпиялар туралы" Заңның 11, 12, 13 және 14-баптарымен айқындалған Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтер тізбесінің негізінде әзірленеді.

2. Басшыларына жекелеген мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу жөніндегі өкілеттік берілген мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын Тізбеге енгізілген мәліметтерге иелік ету жөніндегі өкілеттік беріледі.

3. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің құпиялық дәрежесі көрсетілген мәліметтердің жариялануы немесе жоғалуы салдарынан Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне келтірілуі мүмкін залалдың ауырлығы дәрежесімен айқындалады.

4. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің жариялануы немесе жоғалуы салдарынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне келтірілген немесе келтірілуі мүмкін залалдың, сондай-ақ мәліметтердің иесіне оларды құпияландыру нәтижесінде келтірілетін залалдың мөлшерін айқындау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

5. Мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызудың қажеттілігін негіздеу осы мәліметтерді алған (әзірлеген) мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жүктеледі.

6. Мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу және мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге иелік ету жөніндегі өкілеттіктерді мемлекеттік органдар арасында бөлу Мемлекеттік органдардың мәліметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызу жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды тұлғаларының тізбесімен айқындалады.

2. Мәліметтердің құпиялық дәрежесі

7. Мемлекеттік құпияларға жатқызылған мәліметтер құпиялық дәрежесі бойынша ерекше маңызды, өте құпия және құпия мәліметтерге бөлінеді.

8. Ерекше маңызды мәліметтерге әскери, сыртқы саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, барлау, қарсы барлау және жедел-іздігіру қызметі саласындағы, таралуы Қазақстан Республикасының аталған салалардың біреуіндегі немесе бірнешеуіндегі ұлттық мүдделеріне залал келтіруі мүмкін мәліметтер жатқызылуы тиіс.

9. Өте құпия мәліметтерге әскери, сыртқы саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, барлау, қарсы барлау және жедел-іздігіру қызметі саласындағы, таралуы аталған салалардың бірінде немесе бірнешеуінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органының немесе экономикасы салаларының мүдделеріне залал келтіруі мүмкін мәліметтер жатқызылуы тиіс.

10. Құпия мәліметтерге мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер қатарындағы барлық өзге мәліметтер жатқызылуы тиіс. Бұл жағдайда әскери, сыртқы саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, барлау, қарсы барлау немесе жедел-іздігіру қызметі саласында ұйымның мүдделеріне келтірілген залал Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне келтірілген залал болып саналады.

11. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің құпиялығының үш дәрежесі және көрсетілген мәліметтер үшін құпиялықтың осы дәрежелеріне сәйкес келетін:

"ерекше маңызды", "өте құпия", "құпия" деген құпиялық таңбалары белгіленеді.

1) Мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерге "ерекше маңызды", "өте құпия" деген құпиялық таңбалары беріледі.

2) Қызметтік құпияны құрайтын мәліметтерге "құпия" деген құпиялық таңбасы беріледі.

3) Мемлекеттік құпияларға жатқызылмаған мәліметтерді құпияландыру үшін аталған құпиялық таңбаларын пайдалануға, сондай-ақ көрсетілген мәліметтерге өзге де шектеу таңбаларын беруге жол берілмейді.

3. Тізбені әзірлеу тәртібі

12. Мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу жөніндегі өкілеттік берілген мемлекеттік органдардың басшылары Тізбені әзірлеуді ұйымдастырады және нақты мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызудың орындылығы жөнінде өздері қабылдаған шешімдер үшін жеке жауап береді.

13. Мемлекеттік құпияларға иелік ету жөніндегі өкілеттік берілген мемлекеттік органның басшысының бұйрығымен Тізбенің жобасын әзірлеу мемлекеттік құпияларды қорғау жөнінде тұрақты жұмыс істейтін комиссияға (ТЖК) немесе құрамына негізгі өндірістік бөлімшелердің ең білікті мамандары мен мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімшелердің (МҚҚБ) өкілдері енгізілетін жеке құрылатын сараптамалық комиссияға жүктеледі.

14. Тізбе тармақтарының сандық қатарына "Мемлекеттік құпиялар туралы" Заңның 11, 12, 13 және 14-баптарында белгіленген Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын тізбеге енгізілген мәліметтер олардың туындысы болып табылатын Мәліметтер тізбесінің тиісті баптары мен тармақшаларының сандық қатары қосымша көрсетіледі.

Мысалы: 4-тармақ (14-бап, 16-тармақ - РМТ), мұнда 4-Тізбенің тармағы, РМТ - "Мемлекеттік құпиялар туралы" Заңның 11, 12, 13 және 14-баптарында белгіленген мемлекеттік құпияларды құрайтын республикалық мәліметтердің тізбесі.

15. Тізбенің жобасын дайындау барысында сараптамалық комиссия немесе ТЖК (бұдан әрі мәтін бойынша - комиссия) "Мемлекеттік құпиялар туралы" Заңда белгіленген мәліметтерді құпияландыру принциптеріне сәйкес таралуы Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне залал келтіруі мүмкін мәліметтерді айқындау мақсатында мемлекеттік органның және ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметінің барлық түрлеріне талдау жүргізеді. Ведомстволық бағыныстағы ұйымдар

мен мемлекеттік органдардың мәліметтерді әзірлеген ұйымдардан келіп түскен мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу жөніндегі негізделген ұсыныстарын қарайды.

16. Комиссия мәліметтердің құпиялық дәрежесін белгілеген кезде мемлекет үшін шын мәнінде маңызды мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету қажеттігін де, экономикада ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктері мен қорғаныс өнеркәсібінің озық тәжірибесін неғұрлым кеңірек пайдалану үшін жағдайлар жасау қажеттігін де ескеруі тиіс.

17. Комиссияға Ведомстволық тізбені дайындау жөніндегі жұмысқа мемлекеттік орган мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың жетекші мамандарын тарту құқығы беріледі.

18. Бірнеше мемлекеттік органдардың иелігіндегі мәліметтердің құпиялық дәрежесі олардың арасындағы өзара келісім бойынша белгіленеді.

19. Комиссия жұмыс аяқталғаннан кейін негізделген тиісті қорытынды шығарады. Комиссияның қорытындысында: қаралған мәліметтердің сипаты мен мазмұны; оларды құпияландыру қажеттігін туындатқан факторлар, оның ішінде олар жария етілгенде (жоғалғанда, берілгенде, таралғанда және т.б.) мемлекетке келтірілуі мүмкін залал; мәліметтердің комиссия ұсынатын құпиялық дәрежесі мен Тізбенің жобасы көрсетіледі

20. Комиссияның төрағасы Тізбенің жобасын:

1) Тізбеге енгізілген мәліметтердің құпиялық дәрежесі мен бірыңғай редакциясын келісу үшін мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу жөнінде өкілеттік берілген барлық мүдделі мемлекеттік органдарға;

2) келісу үшін мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға; <*>

3) келісілгеннен кейін, сондай-ақ Тізбенің өзін құпияландырудың орындылығы туралы мәселені шешетін мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу жөнінде өкілеттік берілген мемлекеттік органның басшысына ұсынады.

Ескерту. 20-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.03.21. N 287 қаулысымен.

21. Тізбелер бекітілгеннен кейін:

1) толық көлемде не оларға қатысты бөлігінде мүдделі мемлекеттік органдарға;

2) оларға қатысты бөлігінде Тізбені бекіткен лауазымды тұлғаның шешімі бойынша мемлекеттік органдар басқаратын салаларда жұмыс істейтін ұйымдарға;

3) осы жұмыстардың тапсырыс берушісі белгілеген көлемде бірлескен жұмыстарды жүргізуге қатысатын ұйымдарға;

4) оларға жұмыста басшылыққа алу үшін және жұмыстардың, құжаттар мен бұйымдардың құпиялық таңбасын сәйкестікке келтіру үшін қатысты бөлігінде ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға беріледі.

22. Тізбеге:

1) азаматтардың қауіпсіздігі мен денсаулығына қауіп төндіретін төтенше жағдайлар мен апаттар және олардың салдары туралы, сондай-ақ табиғи зілзалалар, олардың ресми болжаулары мен салдары туралы;

2) экологияның, денсаулық сақтаудың, санитарияның, демографияның, білім берудің, мәдениеттің, ауыл шаруашылығының жағдайы туралы, сондай-ақ қылмыскерліктің жағдайы туралы;

3) азаматтарға, лауазымды тұлғаларға және ұйымдарға мемлекет беретін артықшылықтар, өтемақылар мен жеңілдіктер туралы;

4) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылу фактілері туралы;

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын валюта активтерінің және бағалы металдар мен асыл тастардың үкіметтік (бюджеттік) резервінің мөлшерлері туралы;

6) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, олардың лауазымды тұлғаларының заңдарды бұзу фактілері туралы;

7) "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабында көзделген мәліметтерді қоспағанда, саяси, әлеуметтік және басқа да себептер бойынша, оның ішінде мұражайлардағы жаппай қуғын-сүргіндер туралы мәліметтер енгізілмейді және құпияландыруға жатпайды.

23. 22-тармақта аталған мәліметтерді құпияландыру немесе оларды осы мақсатта мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге енгізу туралы шешім қабылдаған лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді. Азаматтар мұндай шешімдерге сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

4. Тізбені өзгерту

24. Тізбелер қажет болған жағдайда (халықаралық жағдай өзгерген, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары жасалған, басқа мемлекеттерге мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді берген, ғылым мен техника саласында жаңа жетістіктер пайда болған және т.б. кезде), бірақ 5 жылдан аспайтын уақытта қайта каралады.

25. Мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар Тізбелерге толықтырулар мен өзгерістер енгізу жөніндегі негізделген ұсыныстарды комиссияның қорытындысымен бірге бір айдың ішінде келіп түскен ұсыныстарға сараптама жүргізуді және тиісті шешім қабылдауды ұйымдастыруға міндетті, осы Тізбені бекіткен мемлекеттік органдардың басшыларына жібереді.

26. Егер көрсетілген ұсыныстарды қабылдау Мемлекеттік құпияларға жатқызылған мәліметтер тізбесінің өзгеруіне әкеп соқтыратын болса, мемлекеттік органдардың басшылары комиссияның қорытындыларымен бірге тиісті шешімнің жобасын:

Тізбеге енгізілген мәліметтердің құпиялық дәрежесі мен редакциясын өзгертулерді келісу үшін мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу жөніндегі өкілеттік берілген барлық мүдделі мемлекеттік органдарға;

сараптамалық бағалауды жүргізу және шешім қабылдау үшін мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға жібереді. <*>

Ескерту. 26-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.03.21. N 287 қаулысымен.

27. Көрсетілген ұсыныстарды қабылдау мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің жария етілуіне әкеп соқтыратын болса, мемлекеттік органдардың басшылары тиісті шешімнің жобасын негіздемесімен бірге Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне де жібереді.

28. Түпкілікті шешім қабылданғанға дейін осы мәліметтердің құпиялығы Қазақстан Республикасындағы құпиялық режимін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес қамтамасыз етілуі тиіс.

29. Тізбеге толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы ұсыныс қабылданбаған жағдайда, сондай-ақ Тізбеден қандай да бір мәліметтер алынып тасталған жағдайда олар белгіленген тәртіппен құпиясыздандырылады.